

Заклучение. Таким образом, работа с газетными текстами дает возможность осветить разные уровни организации стилистической системы русского языка и продемонстрировать основные тенденции в ее развитии. Газетные тексты следует отбирать для занятий в зависимости от характера и подготовки аудитории, в зависимости от изучаемого материала и от задач, выполняемых используемыми текстами. При этом важность использования газетных текстов на занятиях русского языка особенно велика, поскольку дает возможность изучать язык не на примере специально адаптированных текстов, а на примере реальных, информативных публикаций, отражающих отдельные аспекты речевой практики общества.

Список использованной литературы:

1. Брандес М.П. *Стилистика немецкого языка*. М.: Высшая школа, 2008. - 271 с.
2. Гальперин И.Р. *Текст как объект лингвистического исследования*. М.: Наука, 2000. - 139 с.
3. Костомаров В.Г. *Русский язык на газетной полосе. Некоторые особенности языка современной газетной публицистики*. М., 1971. - 268 с.

References:

1. Brandes M.P. *Stilistika nemetskogo iazyka*. M.: Vysshaya shkola, 2008. - 271 s.
2. Galperin I.R. *Tekst kak obekt lingvisticheskogo issledovaniya*. M.: Nauka, 2000. - 139 s.
3. Kostomarov V.G. *Ryssku iazyk na gazetnoi polose. Nekotorye osobennosti iazyka sovremennoi gazetnoi pyblitsistiki*. M., 1971. - 268 s.

МРНТИ 16.21.21

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.08>

*Қасенов Е.С.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан
филология ғылымының кандидаты, аға оқытушы, kasenov_erlan@mail.ru

БОЛАТ ШАРАХЫМБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ “КІСІКІІК” ҰҒЫМЫНЫҢ ЛИНГВОФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Аңдатпа

Мақалада ақын Болат Шарахымбай поэзиясындағы “кісікіік” ұғымының лингвофилософиялық мәні мен қолданылу ерекшелігі қарастырылған. “Кісікіік” ұғымының жалғыздық тілдік бірлігімен мағыналық үйлесімде екендігі жан-жақты айқындалған. Бұл ұғымдардың өзара мағыналық жақындығы жан-жақты зерделенген. “Жалғыздық” пен “кісікіік” ұғымының аражігі алшақ еместігі ақын өлеңдерінен алынған мысалдармен дәлелденген. “Жалғыз” бен “жалғыздық” лексемалары өзара түбірлес болғанымен көркем туындыда қолданылу мақсатына сай мағыналық бояулары да өзгеше болып келетіндігінің аражігі көрсетілген.

“Кісікіік” ұғымын толықтыратын фразеологизмдердің ақынның өзіне ғана тән шеберлікпен қолданылғандығы және олардың ұлт танымымен байланысы сөз болған. Ақын Болат Шарахымбай поэзиясындағы фразеологизмдерден ақынның “жалғыздыққа” көзқарасы мен өмірлік тәжірибелерінің бір көрінісі анық байқалатыны сөз етілген. Ақын Болат Шарахымбай поэзиясындағы “жалғыз” сөзінің “бір өзі”, “тек қана” мағынасында ғана емес,

“жалғыздықты” анығырақ танытатыны анықталған. Ақын өлеңдеріндегі фразеологизмдер құрамындағы тілдік бірліктердің өзге бірліктермен алмастырыла қолданылуы туралы да сипатталған. Мақалада адамның жатқа айналуының, жалғыздыққа ұмтылуының, кісікиіктенуінің себептері нақтылы талдаулар арқылы анықталып берілген. Ақынның жалғыздық туралы ойы мен көзқарасының өлең-жырда көрініс табуының себептері де сөз етілген.

Түйін сөздер: Жалғыздық ұғымы, кісікиіктену, ұлттық тіл, ұлттық таным, стильдік қолданыс, фразеологизмдер, өлең көркемдігі, өмірлік тәжірибе

**Kasenov Y.S.¹*

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan
candidate's degree in Philological sciences, senior lecturer, kasenov_erlan@mail.ru*

LINGUO-PHILOSOPHICAL MEANING OF THE CONCEPT “SOLITUDE” IN BOLAT SHARAKHYMBAY'S POETRY

Abstract

The article considers the linguo-philosophical meaning and peculiarities of the use of the concept of “personality” in the poetry of the poet Bolat Sharakhimbay. It is established that the concept of “solitude” is semantically compatible with the linguistic unity of loneliness. Their semantic similarity has been studied in detail. The distinction between the concepts of “loneliness” and “solitude” is proved by examples from the poems of the poet. Although the tokens “loneliness” and “solitude” are mutually rooted, it is shown that their semantic colors are different depending on the purpose of use in the work.

It was noted that the phraseology that complements the concept of “solitude” was used by the poet with his own skill and their connection with the national identity. It is said that the phraseology in the poetry of the poet Bolat Sharakhimbay clearly shows one of the manifestations of the poet's attitude to “loneliness” and life experiences. It was found that the word “alone” in the poetry of the poet Bolat Sharakhimbay is more clearly expresses “loneliness”, not only in the sense of “alone”. It is also described that the phraseological units in the poems of the poet are used interchangeably with other units. The article provides a detailed analysis of the causes of forgetfulness, loneliness, and shortness of breath. The reasons why the poet's thoughts and views on loneliness are reflected in the poems are also mentioned.

Keywords: The concept of loneliness, personality, national language, national cognition, stylistic usage, phraseology, poetry, life experience

**Касенов Е.С.¹*

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан
кандидат филологических наук, старший преподаватель, kasenov_erlan@mail.ru*

ЛИНГФИЛОСОФСКИЙ СМЫСЛ КОНЦЕПЦИИ “НЕЛЮДИМЫЙ” В ПОЭЗИИ БОЛАТА ШАРАХЫМБАЯ

Аннотация

В статье рассматриваются лингвофилософский смысл и особенности использования понятия “нелюдимый” в поэзии Болата Шарахымбая. Установлено, что понятие “нелюдимый” семантически совместимо с языковым единством одиночество. Их смысловое сходство подробно изучены. Различие понятий “одинокый” и “одиночество” подтверждается примерами из стихотворений поэта. Хотя лексемы “одинокый” и “одиночество” имеют одинаковые корни, в статье доказано, что их смысловые значения различны в зависимости от цели использования в произведении искусства.

Было отмечено, что фразеология, дополняющая понятие “нелюдимый”, мастерский использовалась связав его с национальной идентичностью. Доказано, что фразеология в стихах поэта Болата Шарахымбая ярко показывает одно из проявлений отношения поэта к “одиночеству” и жизненным переживаниям. Выяснилось, что слово “одинокый” в поэзии Болата Шарахымбая более отчетливо выражает “одиночество” не только в смысле “одинокый”. Также описано, что фразеологизмы в стихотворениях поэта используются взаимозаменяемо с другими единицами. В статье подробно разбираются причины отшельничества, одиночества и самозабвения. Также упоминаются причины, по которым поэт отразил в своих стихотворениях мысли и взгляды об одиночестве.

Ключевые слова: Концепция одиночества, нелюдимый, национальный язык, национальное познание, стилистическое употребление, фразеология, поэзия, жизненный опыт

Кіріспе. Әрбір адам – қайталанбайтын, өзінше жеке дара құбылыс. Әр адамның айнала қоршаған ортаны, дүниені қабылдауы әрқилы. Осы тұрғыдан алғанда бұл дүниенің жұмбағы – адам. “Ал өнер адамдары, дарын иелері, әсіресе ақындар – болмысынан бөлек, табиғатынан тылсым, қайталанбайтын құбылыс, уникал” [1, 6 б.]. Соған орай әрбір ақын өлеңдерінің көркемдік деңгейі де, мазмұны да ешкімге ұқсамауы заңдылық. Бір ақын өлеңдері терең философиялық ойларға құрылса, енді бірінікі айнала қоршаған ортаны көркем тілмен айрықша сипаттайды. Енді бірі өзінің ішкі әлеміндегі қайшылықтар мен өзгерістерді өлең өріміне арқау етеді. Бұның бәрі ақын боп жаратылған адамзат баласының ерекше қабілетінен туындайтын жайт. Асылында, жер бетіндегі адамзат баласын оқуға, жазуға үйреткенмен өлең жазуға үйрету мүмкін емес. Ақындық – ата-баба қанымен, ана сүтімен беріліп, қоғамдық орта әбіреті мен талантты ұстаз тәлімі арқылы шыңдалатын ғажайып қабілет. Оның екінің бірінде бола бермейтіні даусыз шындық. Болған күннің өзінде поэзия әлемінде өзіндік үнін қосу – үлкен мәселе.

Әдістеме. Зерттеу объектісі ретінде ақын Болат Шарахымбайдың қаламынан туған “Кісікіік”, “Жапандағы жалғыз терек”, “Жүрек шарқ ұрды” сынды өлеңдері алынып, талдау жүргізілді. Мақала тақырыбына сәйкес көркем мәтінге, әсіресе поэзиялық туындыға лингвистикалық талдау жасау мен сипаттау, тілдік салыстыру, жүйелеу, қорыту сынды әдістерді қолданылу мақаланың құндылығын арттыра түседі. Сондықтан да түрлі әдістер мақала мазмұнының тереңдеуіне ықпал етеді.

Нәтижелер. Қазақ поэзиясы туралы сөз болғанда осынау аламан дүбірге ХХ ғасырдың 80-інші жылдары келіп қосылған, бүгінде сауырына қамшы салдырмас сәйгүлікше талмай шауып келе жатқан ақынның бірі Болат Шарахымбайдың шығармашылығын айналып өтуге болмайды. Себебі, жыр додасында бәйгеге түсіп, замана тынысын өзінше жырлады, дәуір лебін өзгеше танытты. Болат Шарахымбайдың қаламынан туған “Кісікіік”, “Жапандағы жалғыз терек”, “Жүрек шарқ ұрды” сынды өлеңдері ақынның бөлек болмысын, ерек үнін айқындап тұрғандай. Әсіресе, “Кісікіік” өлеңінде метафизикалық концепт ретінде танылатын “жалғыздық” ұғымы ерекше аңғарылады. Болат ақын бұл өлеңіндегі кісікіік образы арқылы осы жалғыздық тақырыбын көтереді. Әлбетте, әлемдік әдебиетте Даниел Дефо, Габриэль Гарсиа Маркес, Рюноске Акутагава сынды “жалғыздық”

тақырыбын қозғаған айтулы қаламгерлер бар екені мәлім. Әлем әдебиетінде бұрыннан бар бұл тақырыпты көркемдік әлемінде бейнелеуден қазақ көркем өнері де құралақан емес.

Талқылау. Адамдар арасындағы жалғыздық мәселесін қазақ прозасында О.Бөкей, М.Қабанбай, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, Р.Отарбаев сынды қаламгерлер індетте дамытса, поэзияда А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, Т.Айбергенов, Қ.Мырзалиев, Ө.Нұрғалиев, Ф.Оңғарсынова, Ж.Бөдеш, Е.Раушанов, Н.Оразалин, С.Адай, С.Нұржанов, Т.Әбдікәрімов, А.Әлімұлы, Б.Шарахымбай, М.Райымбекұлы сынды ақындар туындыларынан көрініс тапты. Оның ішінде Болат Шарахымбайдың жалғыздық мәселесін жырлауы өзгеше. Ақын жалғыздығы – ерен поэтикалық мінезбен өрілген. Сондықтан да жан тебіренеді. Асылы, мұндағы жалғыздық сарынында ақынның ішкі ойы мен терең сезім иірімдері өзара астасып жатыр деуге болатындай. Ақын Болат Шарахымбай “жалғыздық” ұғымын қазақы таным өлшеммен бағамдайды. Ақын мына бір шумағында:

Боздай шапсам, дүбірімнен танитын,

Нардай шөксем, жігерімді жанитын,

Кісікиік – шыр айналған дүние,

Кісікиік – менің мұқым тарихым (“Кісікиік”) – деп “кісікиік” ұғымын жеке әлем, жеке адамның өмірі ұғымдарымен астастыра береді[2, 20 б.]. Қазақ танымында өзіндік ойымен өзгелерден оқшау жүретін жандарды қашанда “кісікиікке айналған”, “кісікиіктеніп боп кеткен” деген тілдік оралымдар қай өңірден болмасын ұшырасады. Бірақ, сирек қолданылатын тіркестер.

Қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды өзіндік көзқарасымен бағамдайтын, бағамдаумен қатар бойын өзгелерден бөлек ұстап, оқшау жүретін жандарға бағытталып айтылатын мұндай тіркестердің ұлт тілінде орын алуы “жалғыздық” ұғымының метафизикалық концепт екендігін нақтылай түседі. Ал адамзат баласының санасынан берік орын алған бұл ұғымның ақындар шығармашылығынан тыс қалуы әсте мүмкін емес. Себебі, ақындық мен жалғыздық бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Ақын шығармашылық адамы ретінде қашан да жалғыз. “Жан тынышын елден емес, жерден тапқан” (Ілияс Жансүгіров) ақындар “жоқ жақыным, Жасағандай жалғызбын!” (Мағжан Жұмабаев) деп дүниенің күйкі тірлігін өзгеше қабылдайды, өзгеше таниды.

“Жалғыздық – философияда да негізгі ұғым – категория, сөз өнерінде, сол сияқты бейнелеу өнерінде басты көркемдік эстетикалық мотив”[3, 120-121 б.]. Сондықтан да поэзиялық туындыларда *жапан тұз, жапан сай, жалғыз тал, жалғыз кезу, жаны жалғызсырау, кісікиік болу* сынды тіркестер жиі көрініс тауып келеді. Себебі, шығармашылық адамы мазасы қашқан қарбалас тірліктен “*жүрегі шарқ ұрып, көзі көкке шарпылып, жаны айға тарпынып*” (Болат Шарахымбай) өзіндік әлемін іздейді, кісікиіктенеді. Ол – еркіндік әлемі, жалған дүниенің түкке тұрғысыз, құнсыз заттарынан сананың аулақтығы. Осы тұрғыдан “жалғыздық”, “кісікиік” – ақын үшін еркін өмір сүрудің өзіндік дара формасы іспетті сезіледі. Ақын танымында, кісікиік – жаңа мен ескінің арасындағы күрес, дәстүршілдік пен дәлдүршілдік арасындағы айқас, ішкі бостандық символы.

Кісікиік болу – таза ниетке толы жұмақты іздеу, азат болу. Адам баласы өзін қашан азат сезінеді? Жалғыздықта қалғанда, кісікиік кейіпке енгенде. Кісікиік болу – пенделіктен қашу. Ал пенделік – адамзат баласының осал тұсы. Мұны Болат ақынның:

Серік болып жанымға шер-өлеңім,

Шоғыр-шоғыр ойларға көп енемін.

Кісілігі жоғалған бұл қоғамда,

Кісікиік боп қалсам деген едім (“Кісікиік”) – деген жолдарынан анық аңғаруға болады. “*Бірі-біріне өшігіп, қойнына тас тыққан*”, “*ішіне құлық сақтап, әуре ететін*” (Абай) алдау мен арбауға толы “*кісілігі жоғалған бұл қоғамда*” Болат ақынның “*кісікиік боп қалуы*” –

пенделікті тәрк ету мен адами болмысы таза, бейкүнә күйді аңсау жөніндегі кіршіксіз таза пейіл, ақ ниет. Бұл ақынның:

*Сыртты мықты болғанмен, іші күпті,
Адам аз ба ұмытқан кісілікті.
Кісілік пен кішілік егіз нота,
Оны бірақ, беу, кімдер түсініпті?*

*Өксік қысса кеудеме мұң құлайды,
Жоқтаушысыз жайымды кім сұрайды?
Көз ұшында байланған көк сағымдай,*

Кісікіік – тағдырым бұлдырайды (“Кісікіік”) – деген жолдарынан да айқын көрініс береді. Ақын ұғымында кішілік пен кісілікті ұмыту дұрыс жол емес. Кісілік – тұлғалық басты қасиеттердің бірі. Адам болу – әлеуметтік қасиет. Ал кісі болу – байырғы адамға тән табиғи қасиеттерді бойына сіңірген тұлғаға тән. Бірімен бірі тығыз байланыста болатын адами қасиеттердің жоғалуы ақын көңіліне мұң ұялатады. Ол мұң кеудені өксікке толтырады. Ақын болса жалпыадамзаттық өмір сүру салтының бұзылмауын көксейді, адамды адам етіп тұрған рухани дүниелер шытынамаса екен дейді. Соның ішінде жалғыздық құбылысының құпиясына үңіледі.

Ұлт танымындағы “өмір – өксік” бейнелі метафоралық тіркесі адамдар арасындағы екіжүзділік пен қулық-сұмдықтың ерекше орын алғанына қабаржыған, ақ ниетті жандар – ақындар тілінде көрініс табуы заңды. Өйткені, ақын қоғамның шынайы бейнесін көркем тілмен суреттеуші. Мысалы, қоғамдағы әділетсіздік пен екіжүзділікке немқұрайлы қарауға дәті жоқ Болат ақын:

*Адамдар оны бірақ түсіне ме,
Қарадай ұлып жатыр ішім неге?
Жапанда жалғыз өзім қалды екем деп,
Қалмасақ жарар еді күрсіне де.*

*Дөңгелеген дүниедей саяғым-ай,
Менің үркек әлқисса баяным-ай.
Жапан дала үстінде жалғыз киік,
Ауыртады жанымды баяғыдай,
Қайда апарып оны енді қоямын-ай!..*

*Тағдырымның азабын шексем мейлің,
Екіжүзді беттерге бек сенбеймін.
Кісікіік боп келгем бұл өмірге,*

Кісікіік боп енді өтсем деймін...(“Кісікіік”) – деп өзіндік үн қатады. Ақынның бұл өлең жолдарында адамзат баласының бойындағы жат қылықтар өнер адамының, әсіресе ақындардың жалғыздыққа бет бұруының – “кісікіік боп өтуінің” бір түрткісі ретінде танылып тұр. Әйтсе де, шығармашыл адамдардың жалғыздығы туралы жайт та өз алдына жеке мәселе. Мәселен, сопылық поэзияның көрнекті өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлы еркін шығармашылықты көксеп, өмірінің соңында оңашаланып, адамдардан оқшауланып өмір сүргісі келді. Неге? Алайда, бұл оқшаулану немесе оңашалану – шығармашылық иесінің елден безіп, мәңгілік жалғыздыққа бет бұрды деген сөз емес еді. Сол секілді халықтан алыстап кетпесе де, қалың қауымның арасында жүріп-ақ “*моласындай бақсының, жалғыз қалдым, тап шыным*” деп күңіренген Абайдың жалғыздығын кім түсіндіріп береді? Хакім Абай жиырма бірінші сөзінде: “надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұраншақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп,

өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі” – дейді[4, 106 б.]. “Өзін зор есептеу” демекші, “жарамсыз қылықтардан” қара басын жоғары қоя білген адам – ұсақ пендешіліктен азат және дара, яғни жалғыз! Міне, меніңше, кісікиік – осы, кірленген, ластанған қоғамнан “сұраншақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді” адамдардан араны аулақ салу. Десек те өмір, әлем жайлы терең ойларға негізделген “Кісікиік” ақынның жекеленуі мен оңашалануының нәтижесі, көрінісі ғана емес. Ол рухани толыққан “толық адам” болудың басты шарты – нұрлы ақыл, ыстық қайрат және жылы жүрек десек, оны оқығандықтың басты шарты және білімділік неден азат етуі керек деген сауалға жауап беріп алу жолы іспетті. Ол – символ, кісікиік – ақын жалғыздығының символы. Одан да тереңірек айтсақ, жалғыз ақын ғана емес, қазақ еркіндігінің символы. “Кісікиіктену” – бұл көркем образ, жалғыздану образы, жалғыздыққа, оңашалануға бой алдырудың көркем образы. Асылында, жалғыздықты сезіну, оның философиялық категориясын түсіну мен ұғыну оңай емес, оның көркем образын айшықтап суреттеу, тіпті қиын. Ал біз қарастырып отырған Болат ақын өз жалғыздығын кісікиік образы арқылы бейнелейді. Яғни, ол лирикалық кейіпкерін кісікиіктендіру арқылы көрсетеді. Ал кісікиіктің өз философиясы бар, ол танымдық тұрғыдан өзіне кез келген суреткерді жақын жібермейді. Қазақ әдебиетінде осы асуды бағындырған нағыз суреткерлер деп Оралхан Бөкейді, оның “Кербұғы” мен “Борасын”, Марат Қабанбайдың “Кісікиік”, Маралтай Райымбекұлының “Кентавр” өлеңдерін жатқызуға болатын шығар. Ал Болат Шарахымбайдың бұл тұрғыдағы топтама өлеңдері өз міндетін толық атқарып тұр деуге болады.

Кісікиіктік, ол – ақынның жалғыздығы (“*Мыңмен жалғыз алыстым*” Абай), асылдың жалғыздығы (*Жап-жалғыз тауды, тасты мекендеген, Жанына жолатқызбай жанды жуық*” І.Жансүгіров), қас жақсының жалғыздығы, дүниенің жалғыздығы (“*Аспан жалғыз. Ай жалғыз. Көше жалғыз... Сана – жалғыз...Қала –жалғыз...*” Н.Оразалин), қазақтың жалғыздығы (“*Әр қазақ менің жалғызым*” С.Адай), рухани дүниенің жетімдігі. “Адамның рухани болмысының күйреуінен жалғыздыққа жетелейді, өмірі тек жабығу мен құлаздан тұрады. Адам көңілінің құлазуы кейде адам атаулыдан аулақтауға, жалғыздыққа жетелейді”[5, 117 б.].

Тіліміздегі “*Жалғыздық құдайға ғана жарасқан*”, “*Жалғыз жігіт жарымас*” деген сынды паремологиялық бірліктерден және “*Жарылқаса жалғыздық, Қайда жүрді жаз сайын?*” (Ф.Орманов) сынды өлең жолдарынан байқалатын жалғыздық туралы халықтық ұғым-түсінік ақын Болат Шарахымбайдың көркемдік танымында ерекше қырынан айқындала түседі. Болат Шарахымбай туындыларындағы “жалғыздық” концептісінің психологиялық аспектісі: *дүниеден аулақтану, жапанды жалғыз кезу, кісікиік болу* фреймдері арқылы танылады. Философиялық аспектісі *тағдыр* (“*кісікиік – тағдырым бұлдырайды*”), *болмыс* (“*кісікиік боп келгем бұл өмірге*”), *тазару, жаңа өмір іздеу* (“*кісікиік боп енді өтсем деймін*”) фреймдерімен беріледі. Мысалы:

*Таулар қалып, соңында дала қалып,
Көз ұшында бір тасқын барады ағып.
Жапан дала төсінде жалғыз киік,
Жан ұшыра жүгірер бебеу қағып.*

*Дала мылқау, далада жел де мылқау,
(Азапқа сап жанымды өртедің-ау)
Енді тоқтар екенсің қайда барып,
Кісікиік келбетті тентегім-ау (“Кісікиік”)* – деп толғанады ақын.

Ұлт танымында “жалғыздық” ұғымы кейде “*жат болу*”, “*тасбауыр болу*” ұғымдарымен де астасатыны аңғарылады. Ал ақын Болат Шарахымбай туындыларында адамзат баласынан біржолата безінуді, талақ етуді анық танытатын тілдік қолданыстар кездеспейді. Керісінше, “*дала мылқау, далада жел де мылқау, Азапқа сап жанымды*

өртедің-ау” деген жолдары өзінің адамзат ортасынан аулақтануды емес, әдебі мен әбіреті бөлек, қырбат қарым-қатынасты іздейтіні, жаңа бір өмір белесін аңсайтыны аңғарылады. Ал аңсау, аңсап қана қоймай іздеу, іздену – даму. Сол мақсатта “қырандай көкті кезеді”, “құландай қырда жортады”.

“Әрбір үлкен ақынның поэзиясы, әсіресе лирикалық өлеңдері, әр дәуірдің шындығын, уақыт рухын мол аңдатумен бірге, оның өз басының күйлерін, өз өмірінің сырларын да қоса аңғартып отырады”[6, 10 б.]. Ақынның ішкі көңіл-күйі мен тебіренісі оның “Жапандағы жалғыз терек” өлеңінен анық көрінеді. Мұнда ақын:

*Мына жұрт не біледі, не біледі?
Кеудемді кәләміш-мұң кеміреді.
Жан едім тұла бойым көне мүсін,
Қырандай көкті кезген көңіл еді.*

*Мына жұрт не біледі, не біледі?
Көңілім жақсы сөзге семіреді,
Көрігім жаман сөзден сөгіледі,
Топанда жалғыз қайық тербетілген,*

Жапанда жалғыз терек егіледі... (“Жапандағы жалғыз терек”) – деп толғайды. Мұнда ақын “мына жұрт не біледі, не біледі?” деген сауал тастай отырып, адамның неліктен жалғыздықты қалауының, не себепті кісікііктенуінің жауабын береді. “Жалғыздық қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретке, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Өйткені, адам жалғыз қалғанда ғана ішкі ой еркіндігіне бой алдырады. Жалғыздық – адамға өз ойымен болуға, еске алу, елестеу, қайғыру, сүйсіну, белгілі бір шешім қабылдау т.б. секілді толып жатқан философиялық, психологиялық категориялар мен процестерді, сан алуан түрлі сезімдерді бастан кешетін кезең”[7, 192 б.]. Олай болса, Болат Шарахымайдың “мына жұрт не біледі, не біледі?” деп сауал тастай отырып, оған жауап іздеуі ой үстіндегі ақынның бір мезеті. Өз ойымен жеке дара бетпе-бет келуі, “кеудесін кемірген” ой-мұң жетегінде көкке самғауы, алуан түрлі ойлармен шарпысуы, жезкиіктей тебініп жауап қайтару сәті.

Ақын “өлең үшін жаратылып”, “көңілі қырандай көкті кезетін”, “көрігі жаман сөзден сөгілетін”, “көңілі жақсы сөзге семіретін” нәзік сезім иесі ретінде тек жан тазалығын қалайды. Ендеше, жамандықтан ары ада, жаны таза, кірпияз ақынның қоғамда етек алған келеңсіз құбылыстарға назы, өкпесі қара қазандай болуы заңдылық. Мұны төмендегі мына өлеңі айқын сездіреді:

*Жүрек шарқ ұрды,
Ішек сымдай тартылды.
Уақыт деген бір ұры,
Ұрлап алды жалтымды.
Көзім көкке шарпылды,
Жаным айға тарпынды,
Тарпынайын деді ме,
Тұлпардың жасы моншақтап,
Қайғының көзі аршылды.
Қайнарлы бұлақ сарқылды,
Сұмырай келіп су құрып,
Соқыр етті қартымды,
Нодыр етті халқымды.
Кебенек қылды салтымды,
Ебелек қылды даңқымды.*

Қағынан жеріп қасқа жер,
 Қарадай жаным алқынды.
 Басы барды дал қылды,
 Кегі барды қан қылды,
 Жетесізге жол беріп,
 Қомағайға қол беріп,
 Қорқақ етті әркімді,
 Шорқақ етті мәртімді,
 Адыра қылды нарқымды,
 Дабыра қылды парқымды.
 Алдырсам мені кім дейді,
 Қазаққа берген антымды.
 Ширыққан еттей шыдамы,
 Тастүлек қырдың шұбары,
 Шұбалаң құйрық мұнары,
 Кім тыңдайды зарнымды?
 Жүрек содан шарқ ұрды,
 Ішек сымдай тартылды... (“Жүрек шарқ ұрды”)

Адамның жатқа айналуына, жалғыздыққа ұмтылуына, кісікиіктенуіне не себеп?, негізгі түрткі не? Мұндай түйткілді сауалдардың жауабы ақынның жоғарыдағы өлеңінде нақты берілген. Ақын – қоғамның үні. Ол сол ортаның, сол заманның шындығынан бейтарап емес. “Художник находится в тесной зависимости от норм и господствующих в его эпоху пристрастий и привычек, от канонов стиля на всех уровнях поэтического творчества” [8, 174 б.]. Сол себепті де үнсіз қала алмайды. Ақын ойы, көзқарасы өлең-жырда көрініс табады, өлең-жыр арқылы жүректерге жетеді. Жоғарыдағы өлең мәтінінен орын алған “*жүрек шарқ ұру*”, “*ішек сымдай тартылу*” сынды фразеологиялық тіркестер бөлек дүние, өзгеше әлемді іздеген жанның кейпін анық танытады. Мұндай тілдік бірліктер “образды дәл беретін және оқырман сезіміне әсер ететін болуы керек” [9, 64 б.]. Ал бұл тіркестердің экспрессивтік бояуы оның мағыналық реңкін қалыңдата түскен.

Әлбетте, әркім өзі көргісі келгенді ғана көреді, өзі қабылдағысы келгенді ғана қабылдайды, соған орай жеке түсінігі, дара көзқарасы бар. Басқаша болуы әсте мүмкін емес. Егер адам мұндай болмаса, поэзия да болмас еді. Сондықтан да қоғамдағы данагөй “*қарттың соқыр болуын*”, “*тұлпардың моншақтаған жасын*” көріп, мұндай келеңсіздіктерді мүлдем қабылдай алмай, қаламағандықтан жаны толас таппай, ақын кісікиіктеніп, “*жүрегі шарқ ұрады*”, “*ішегі сымдай тартылады*”.

Таразыласақ, “жалғыздық” пен “кісікиік” ұғымының аражігі алшақ емес. Өзара жақын ұғымдар. Ал жалғыз бен жалғыздық лексемалары өзара түбірлес болғанымен көркем туындыда қолданылу мақсатына сай мағыналық бояулары да өзгеше болып келеді. Қай поэзиялық туындыда болмасын “*жалғыз*” тілдік бірлігі көбінесе “*бір өзі*”, “*тек қана*” мағынасында аңғарылса, кейбір тұста “жалғыз” лексемасы “жалғыздықты” анығырақ танытады. Болат Шарахымайдың “Кісікиігінде” *жалғыздық* пен *жалғыз* лексемасының мағыналық бояуларының аражігі айқын көрінеді. Мысалы,

Арша еті арса болып жүгірген,
 Борша еті бордай болып үгілген,
 Аспандағы жақұт жырдай шашылған,
Жалғыздыққа мүжілген;

Адамдар оны бірақ түсіне ме,
 Қарадай ұлып жатыр ішім неге?
Жапанда жалғыз өзім қалды екем деп,

Қалмасақ жарар еді күрсіне де. (“Кісікиік”)

Ал ұлттың жанын, қоғамдық қатынастарды қыран құс көтерілер биіктіктен түсінуге, ұғуға, сол арқылы мәселе көтеріп, образдарды ашу үшін ақын “жалғыздықпен” қауышуы тиіс. Сонда өлең – нағыз өнерге айналады, жүрекке (оқырманға) жетеді. Міне, сол себепті де ақын үшін кісікиік образы жанына жақын образ.

*Аңғармастан оның терең мәнісін,
Аңғал сұрақ қойдың, досым, тағы шын.
...Кісікиік – қасарысқан қасқа өмір,
Кісікиік – менің болған намысым.*

*Одан әрі айтайын,
Айтайын да байқайын,
Басқалардан шығар ма екен “най-най” үн.
Кісікиік – бебеулеген шерлі өмір,
Кісікиік – кеудемдегі айқайым. (“Кісікиік”)*

Ақын өлеңінен орын алған мұндай тіркестер жалғыздықтың себептері мен қасірет-кесапатын жете таныта түсетіндей. Мұнда ақын поэзиялық туындының объектісі әрі субъектісі ретінде танылады. Себебі, “человек – это и субъект, и объект изображения. Это лирический герой, транслирующий образ лирического переживания” [10, 17 с.]. Демек, ақын дүниетанымындағы “кісікиік” – ақынның өзі. Бұл – ақын Болат Шарахымбай поэзиясының өзіндік дара ерекшелігі. Ал ақынның “кісікиік – қасарысқан қасқа өмір”, “кісікиік – кеудемдегі айқайым” деген жолдары оның бірде кейіпкер, енді бірде айтушы ретінде көрінгендігін аңғартады. “Ақынның “мен-кейіпкер” атынан айтуы автордың “мен-кейіпкер” не “кейіпкер-айтушы” тасасында тұруы, яғни өз өлеңін “мен-кейіпкер” атынан шығаруы ауызша поэзияның белгілі бір дәуіріне, белгілі бір даму сатысына тән болған” [11, 28 б.]. Бұл – жыраулар поэзиясынан бастау алған қазіргі қазақ поэзиясындағы ерек құбылыс.

Қорытынды. Ақын Болат Шарахымбай туындыларында орын алған “кісікиік” ұғымында ұлт тіліндегі “жалғыздық” туралы ойлардың ізі айқын. Ал ерекшелігі: оның “Кісікиігінде” орын алған “жалғыздық” ұғымы материалдық байлықтың құны көк тиын, ит түгіне тұрғысыз деген ой тудырады. Болат ақынның “Кісікиігінде” адам баласының өзінің ойымен жеке қалу сәті көрініс табады. Жалғыздық бақытсыздықтың басы ма әлде соңы ма деген сауалды кесе көлденең қояды. Сондықтан Болат ақынның “Кісікиігі” бүгін болмаса ертеңгі күні “жалғыздық” ұғымының кең көлемдегі туындыларға арқау болуына түрткі жасары даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мырза Әли Қ. Жазмыш. – Алматы: Қазығұрт. 2001. – 464 б.
2. Шарахымбай Б. Қазығұрт газалдары: Лирика. – Алматы: Жазушы, 2008. – 160 б.
3. Шаңбай Т. Ұғым мәдениеті. – Алматы: Раритет, 2009. – 352 б.
4. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екітомдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, – Т.2: – 2005 – 336 б.
5. Қасенов Е.С. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты (І.Жансүгіров поэзиясының тілі бойынша). Ғылыми монография. – Алматы: Ғылым ордасы, 2013. – 152 б.
6. Шәріпов Ә. Әдебиеттің сырлы әлемі: таңдамалы зерттеулер. – Алматы: Құс жолы, 2012. – 384 б.
7. Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері. Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. М.Әуезов аңгімелеріндегі жалғыздық проблемасы. – Алматы, 2001. – 220 б.
8. Жовтис А.Л. Избранные статьи. (Сост.С.Д.Абишева, З.Н.Поляк). – Алматы, 2013. – 392 с.
9. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: “Кие”, 2009. Т.1 – 472 б.

10. Абишева С. Поэтический мир М.Макаатаева: Монография. – Алматы, 2018. – 272 с.

11. Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Құраст. Ф.Әнес, Ж.Қ.Ибраева). – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.

References:

1. Myrza Ali Q. *Jazmysh*. – Алматы: Qazygurt. 2001. – 464 b.
2. Sharahymbai B. *Qazygurt gazaldary: Lirika*. – Алматы: Jazyshy, 2008. – 160 b.
3. Shanbai T. *Ugym madenieti*. – Алматы: Raritet, 2009. – 352 b.
4. Qunanbauuly A. *Shygarmalarynyñ ekitomdyq tolyq jinagy. Olender men aydarmalar*. – Алматы: Jazyshy, – Т.2: – 2005 – 336 b.
5. Qasenov E.S. *Tildin qatysymdyq jane tanymdyq tabıgaty (I.Jansugirov poeziyasynyn tili boıynsha). Gylymi monografıua*. – Алматы: Gylym ordasy, 2013. – 152 b.
6. Sharipov A. *Adebiettin syrly alemi: tandamaly zertteyler*. – Алматы: Qus joly, 2012. - 384 b.
7. Piralieva G. *Izdenis ornekteri. Adebı syn. Zerttey. Suhbattar. M.Ayezov angimelerindegi jalgyzdyq problemasy*. – Алматы, 2001. – 220 b.
8. Jovtis A.L. *Izbrannye stati. (Sost.S.D.Abisheva, Z.N.Poliak)*. – Алматы, 2013. – 392 s.
9. Syzdyq R. *Gylymi tanym uzikteri*. – Алматы: “Кіе”, 2009. Т.1 – 472 b.
10. Abisheva S. *Poeticheskı mir M.Makataeva: Monografıua*. – Алматы, 2018. – 272 s.
11. Omiraliev Q. *Qazaq til biliminiñ máseleleri. (Qurast. G.Anes, J.Q.Ibraeva)*. – Алматы: Abzal-ai, 2014. – 640 b.

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.09>

* Умарова А. Б., ¹ Кажигалиева Г. А. ²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан

¹Докторант PhD, magenta_feels@mail.ru

²Доктор педагогических наук, профессор, kazhigaliyeva@mail.ru

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ТЕХНОЛОГИИ CLIL В ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ-ИСТОРИКОВ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ВУЗЕ

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы системного использования технологии CLIL в обучении русскому языку студентов-историков в педагогическом вузе. Обосновывается актуальность внедрения инновационных методик в процесс обучения, в том числе применения в лингвообразовательном процессе предметно-языкового интегрированного обучения (Content and Language Integrated Learning – CLIL), которое дает возможность совместить изучение языка и специального предмета, расширяя таким образом общеобразовательное пространство за счет функционального подхода к обучению языка. В статье описывается содержание проведенного авторами анкетирования среди студентов 1 курса исторического профиля, специальностей «История» и «История-география» Казахского национального педагогического университета им. Абая. Предметом опроса обучающихся стало выявление языковых потребностей и мнения обучающихся касательно применения технологии CLIL на занятиях по русскому языку. Результаты проведенного